

6.6 Ашықтық принципі: «Әл-Фараби атындағы қалалық ғылыми-әмбебап кітапханасы» жүргізіліп жатқан сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат туралы жұртшылықты хабардар ету.

6.7 Жауапкершілік және жазаның бұлтартпастығы принципі:

- атқаратын лауазымына, жұмыс өтіліне және еңбек міндеттерін орындауға байланысты сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасаған жағдайда өзге де жағдайларға қарамастан, «Әл-Фараби атындағы қалалық ғылыми-әмбебап кітапханасы» қызметкерлері үшін жазаның бұлтартпастығы;

- басшылықтың сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты іске асыру жауапкершілігі.

## **7. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға және оған қарсы іс-қимылға байланысты міндеттер**

Барлық қызметкерлер лауазымына және жұмыс өтіліне қарамастан, өз лауазымдық міндеттерін орындау, осы саясаттың ережелерін басшылыққа алу және оның принциптері мен талаптарын мүлтіксіз сақтау.

## **8. Сыбайлас жемқорлықпен байланысты қауіп-қатерді бағалау**

- бағалау беруге және табылған жемқорлық қауіп-қатерді басымдылығына қарай қою;

- күтілетін жемқорлық қауіп-қатерді азайту үшін «Әл-Фараби атындағы қалалық ғылыми-әмбебап кітапханасы» бұрыннан бар басқару құралдарының жарамдылығы мен нәтижелілігін анықтауға тиіс болатын жемқорлық қауіп-қатерді бағалауды жүзеге асыру.

## **9 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралар**

9.1 Осы саясатқа қосымша ретінде «Әл-Фараби атындағы қалалық ғылыми-әмбебап кітапханасы» жыл сайын сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралар жоспары бекітіліп, оларды өткізу мерзімдері және жауапты орындаушы көрсетіледі.

9.2 Қызметкерлердің арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлық стандарттарын енгізу мақсатында «Әл-Фараби атындағы қалалық ғылыми-әмбебап кітапханасы» іскерлік қатынастар этикасын қозғайтын және қызметкерлердің этикалық, адал мінез-құлқын қалыптастыруға бағытталған қызметкерлер мінез-құлқының жалпы қағидалары мен принциптері белгіленеді.

9.3 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат элементтерінің бірі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін бағалау болып табылады. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін бағалаудың мақсаты «Әл-Фараби атындағы қалалық ғылыми-әмбебап кітапханасы» қызметкерлерінің жеке пайда алу мақсатында сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасау ықтималдығы неғұрлым жоғары болатын «Әл-Фараби атындағы қалалық ғылыми-әмбебап кітапханасы» қызметіндегі нақты операцияларды айқындау болып табылады.

9.4 «Әл-Фараби атындағы қалалық ғылыми-әмбебап кітапханасы» қызметкерлерді сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша мынадай тақырыптар бойынша оқыту жүргізілуі тиіс: